



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 21 (7963) 7 маусым, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

*4 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздер күні

Құнды белгіге кұрмет



Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін

жеткізетін құнды белгілер.

4 маусым – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздер күні орай ауданымызда кең көлемде аталып өтті. Сондай тағылымды шараның бірі Шашубай кентінде өткен «Менің туым – менің мақтанашымы» тақырыбындағы автошеру.

– Шара жастардың бойында патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерімізге деген құрмет сезімін тәрбиелеуге бағытталған. Патриотизм – бұл өз Отаныңмен мақтану, оның өзіндік бірегейлігін сақтауға ұмтылу, сондай-ақ елге, тілге, мәдениет пен дәстүрге қатыстылық сезімі, мемлекет пен өз халқыңның мүдделерін қорғауға деген талпыныс. Туымыз тұғырлы, Әнұранымыз айбынды болсын, – деп іс-шараның мән-маңызына тоқталған Шашубай кентінің

әкімі Нариман Мангишов тұрғындарды мерекемен құттықтады.

Шашубай кенті әкімі аппараты.

*Аудан әкімдігінде

Жасыл желек жанашырлары

«Жасыл ел» – 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кешенді бағдарлама. Сол жылы елордамызда «Жасыл ел» Жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, еліміздің барлық аймақ, өңірлерінде өз жұмысын бастап кеткен еді.

Аталған бағдарлама осынау жылдар ішінде көптеген жастың

Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жсалын-жігерін, күш-қуатын бір арнаға тоғыстыра алды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген бабалар сөзін өскелең ұрпаққа ұғындырып, жазғы демалыстарын босқа өткізбей, жұмыс істеп, қосымша қаржы

(Жалғасы 2-бетте).

*Мереке шуағы

Рәміздер күні мерекесіне орай Ақтоғай ауданында Тұтұғыр алаңы салтанатты түрде ашылды. Шараның шымылдығы Әнұранның шырқауымен ашылып, көк байрағымыз өз биігіне көтерілді. Тұтұғырдың ашылуына ауыл жұртышылығы көптеп жиналды. Аталмыш шараға Ақтоғай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжолов арнайы қатысып, құттықтау сөзін айтты.

Тұтұғыр бой көтерді



– Бүгін міне, ауданымызға әр беретін айшықты нысандар қатары айбынды алаңмен толықты. Көк байрағымыз көкпен ұштасты. Өз дәуірінде даңқты бабаларымыз бөрілі байрақ ұстап, бағаналы орда құрған. Сондықтан да ту біз үшін – қанымызда қайнаған намыс, рухты көтеретін құдірет. Кешегі арыстарымыз түлеген ата-мекеніміздің төріне алып ту тігу – біз үшін асқан абырой, зор мәртебе. Ауданымыздың көркін ашқан байрағымыз өңіріміздің айбынын асқақтата түсуіне тілектеспін, – деді Абылай Аманжолов.

Сонымен қатар, еліміздің көк байрағын желбіретіп жүрген спортшылар мақтау қағаздарымен, медальдарымен, кубоктарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Сондай-ақ, ақтоғайлықтар көкпен таласа бой көтеріп, көш жерден

көз тартып, аудан көркіне көрік қосып, көркем табиғатпен жарасып тұрған көк байрағымыз көңілдерінен шыққандығын жеткізді. Шара соңында ауданның «Тоқырауын толқындары» ансамблі әнін шырқап, жиналған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Айта кетейік, Тұтұғырдың биіктігі 25 метрді құрайды. Байрақ үнемі көрініп тұруы үшін қолмен немесе электр жетегімен көтеру үшін арнайы құрылғы орнатылған. Жобаны «Алсар голд» ЖШС жүзеге асырған. Нысанға 42 миллион теңге қаражат бөлінген. Айналасы абағтандырылып, ауданның ажарын одан сайын ашып тұр. Енді, бұл жер тек демалу үшін ғана емес, жас ұрпақтың өткенге тағзым ететін қасиетті орнына айналатыны сөзсіз.

Н.КӘРІМ,
Ortalyq.kz



AQTOĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Газетке «Қазпоштань» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуда болады.

Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.

Біздің мекен-жайымыз:
Ақтоғай ауылы, Абай
көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен-жайы көрсетіліп, төлемнің скрин-нұсқасын жіберу керек.



Аудан әкімінің м.а. А.Аманжоловтың 2024 жылдың І-жарты жылдығындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ атауы	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орыны (І-жарты жылдық)			Ескерту
1	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	11.06.2024ж.	Клуб үйі	10-00	
2	Қусақ ауылдық округі	Қошқар елді мекені	11.06.2024ж.	Клуб үйі	14-00	
3	Абай ауылдық округі	Абай елді мекені	11.06.2024ж.	Клуб үйі	16-00	
4	Ортадересін ауылдық округі	Ортадересін ауылы	12.06.2024ж.	Клуб үйі	11-00	
5	Шашубай кенті	Шашубай кенті	12.06.2024ж.	Клуб үйі	15-00	
6	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	13.06.2024ж.	Клуб үйі	11-00	
7	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	13.06.2024ж.	Клуб үйі	15-00	
8	Қарабұлақ ауылдық округі	Нарманбет елді мекені	14.06.2024ж.	Мектеп залы	11-00	
9	Сарытерек ауылдық округі	Сарытерек елді мекені	14.06.2024ж.	Клуб үйі	16-00	
11	Нүркен ауылдық округі	Нүркен елді мекені	18.06.2024ж.	Елді мекен	11-00	
12	Қараменде би ауылдық округі	Ақтас елді мекені	18.06.2024ж.	Клуб үйі	16-00	
13	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	19.06.2024ж.	Клуб үйі	11-00	
14	Жидебай ауылдық округі	Сәуле елді мекені	19.06.2024ж.	Клуб үйі	15-00	
15	Шабанбай би ауылдық округі	Шабанбай би елді мекені	20.06.2024ж.	Елді мекен	11-00	
16	Қызыларай ауылдық округі	Қызыларай елді мекені	20.06.2024ж.	Клуб үйі	15-00	
17	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	21.06.2024ж.	Мәдениет үйі	15-00	

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығына сәйкес тұрғындар тарапынан ұсыныстар, ескертпелер мен пікірлер қалдыруға арналған төмендегі белгіленген жерлерде тиісті жәшіктер орнатылған:

1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты

2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты

3. Қусақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

6. Ақшкөл елді мекені

7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

8. Қарасу елді мекені

9. Дуанши елді мекені

10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

12. Қасабай елді мекені

13. Бегазы елді мекені

14. Сона елді мекені

15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты

17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты

18. Жаланаһ елді мекенінің мектеп ғимараты

19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

20. Қараменде би ауылдық округінің мәдениет үйі

21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты

22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты

24. Жалаңтөс елді мекені

25. Жидебай елді мекені

26. Ақсенгір елді мекені

27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

28. Жетімшоқы елді мекені

29. Ақтұмсық елді мекені

30. Кенелі елді мекені

31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты

32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

33. Ортадересін станциясы «Темір жол вокзалы» ғимараты

34. Ақжайдақ елді мекені «Темір жол вокзалы» ғимараты

35. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

36. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты
- Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

(Соңы. Басы І-бетте).

табуға молынан мүмкіндік тудырды. Уақыт өткен сайын жалпыұлттық бастамаға үн қатып, қолдау білдіруші студенттердің, жалпы жастардың қатары артып келеді.

«Ағаш ек, гүл ек, туған жерді түлет» немесе «бір тал кессең, он тал ек» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек. Жасыл желек – жан саясы. Қай дамыған мемлекетті алып қарасаңыз да, жастардың белсенділігі өте жоғары екенін көріп, бар шаруа жастардың жұмыла қатысуымен бітетіні белгілі. Сондықтан да еліміздің гүлденуі үшін, озық мемлекеттердің қатарынан орын алуы үшін бар қазақстандық жұмыла жұмыс жасауы керек. Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау, экологияны сақтауға ғана емес, жастардың тәрбиесі мен оларды еңбекке баулу. «Жасыл ел» еңбек жасағының құрамына ауданымыздың жастары да еніп, жүктелген міндетті жүйелі орындауда деуге әбден болады. Жас аралығы 14-34 жас аралығындағы жұмыссыз жастардан құралған жасақ күніне 4-6 сағаттан аспайтын жұмыс уақытында жұмыс істейді. Айлық жалақылары да ұдайы беріліп отырады.



Биылда ауданымызда «Жасыл ел» жалпыұлттық жобасының жаңа еңбек маусымы қайта басталды. Күнікеше аудан әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжолов «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздарымен кездесті.

–Ауданымыздың көркеюі, абаттандырылуы ай бойы сіздердің мойындарыңызда. Бағдарламаның

мақсаты – жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елді мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген сүйіс-пәнишілігін, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы, жылына қаншама жастарды осы іске тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету болып отыр. Еңбектеріңіз жемісті болу үшін жұмысқа салғырт қарамай, жауапкершілікпен, туған жерге деген жанашырлық сезімімен еңбектенсеңіздер екен деген тілегіміз бар, – деді А.Аманжолов.

«Тазалық денсаулық кепілі» дейді халық даналығы. «Жасыл ел» жасақшылары қоршаған ортаның көркеюіне, қоғамдық орындардың таза тұруына өз септігін тигізуде. Аудан бойынша биыл 150 жас маусымдық жұмыспен қамтылып отыр. Жасыл желек жанашырлары ауданға қарасты Ақтоғай ауылы мен Сарышаған, Шашубай кенттері мен бірге Сарытерек, Жидебай ауылдық округтері бойынша абаттандыру, тазалық, жасыл желектерді күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыруға қатысуда.


Думан ҚАБЫЛ,
Ақтоғай ауылы.

Кент ажары айшықты

Арқа мен Жетісудың арасын жалғап жатқан алтын тамыр, тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарышаған кенті ауданымыздағы халық көп шоғырланған іргелі елді мекен. Ақтоғай ауданынан 360 шақырым қашықтықта орналасқан Сарышаған кентінде 5 мыңға таяу халық тұрады. Кент 1953 жылы құрылған. Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына кенттегі бюджеттік және теміржол мекемелері және жеке кәсіпкерлер де өз үлестерін қосуда. Сарышаған кенті тұрғындарының



дені ел экономикасының күретаыры болып табылатын теміржол саласында жұмыс істейді. Сарышағанды былайғы жұрт станция ретінде жақсы таниды. Бұл елді мекен Сарыарканың алтын қақпасы іспетті. Олай дейтініміз, кент үстінен 16 бағыт бойынша 46 пойыз және «Алматы-Екатеринбург» тасжолы өтеді. Яғни, маңызды



көлік торабы. Күніне мыңдаған жолаушы, жүздеген техника ат шалдырады. Іргедегі Балқаш пен Приозерск қаласының тұрғындары осындағы вокзал арқылы пойызға отырады.

Жыл сайын оң өзгерістер орын алып, қашан да сапалы нәтиже үшін жұмыс жасап келеміз. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде еліміз еңсесін тіктеп, кемелдікке бет бұрды. Сол еңселі егемендіктің арқасында жасампаздыққа, жаңашылдыққа ұмтылды. «Ауылдың дамуы – тұтас мемлекеттің дамуы» деген қағиданы басты нысана етіп, Мемлекет басшысының ел дамуы бағытында берген тапсырмаларының үдесінен шығып келеміз. Бұл сөзімізге кентіміздегі ауқымды істер мен толымды тірліктер айқын дәлел бола алады.

Кенттегі коммуналдық саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсақ. Жазғы су

құбыры жүйесінің 830 м құбырларына ағымдағы жөндеу жасалды.

Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру бағдарлама бойынша Балқаш көшесіне КТП және көше жарығы орнатылды.

Сарышаған кентінде көше жарығын орнату және жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2017 жылдан бастап 2024 жылға дейін кенттің 15 көшесіне 400-ден астам жарықдиодты шам орнатылды. Кентте көптеген жарықтандыру

тіректері орнатылғандықтан, КТП болмауына байланысты кернеу жеткіліксіз болды. Бұл мәселені шешу үшін Балқаш көшесіне қуаты 250 КВт КТП орнатылып, 20 жарықдиодты шамы бар тіректер қойылды.

1 ықшам ауданына 15 жарықдиодты шамы бар тіректер орнату бойынша жұмыс басталды.

Ауылдың көркін ашатын да, келбетін келісті етіп, әрін арттыратын да – оның тазалығы мен жайқалған жасыл желегі. Бұл екеуі болмай ауылға сән кірмейді, тірлігі алға баспайды.

Сондықтан да, ауыл шырайын шұғылалы ету мақсатында Ақтоғай ауданында жылдар бойы қыруар күш жұмсалып, нәтижесі де көрініп-ақ келеді. Ауданда ағымдағы жылдың көктемгі екі айлық көріктендіру,

көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары өтті. Сарышаған кентін абаттандыру мен көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша бірқатар шаруа қолға

алынды. Кентімізді көркейту және абаттандыру, көгаландыру бойынша елді мекенге ең жақын орналасқан Балқаш көшесіндегі жағажайға мердігерлік ұйым абаттандыру жұмыстарын бастады. Жағажайға жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, төсеніштер

төселіп, орындықтар, қоқыстарға арналған урна, контейнерлер, торы бар волейбол тіректері және беседкалар орнатылатын болады. Сарышаған кентінде барлығы 18 қатты қалдықтарға арналған контейнерлік алаң орнатылған, бұл кент үшін жеткіліксіз және олардың 5 данасы жарамсыз болып қалды, ауыстыру қажет етеді, сондай-ақ 4 контейнерлік алаңда қақпаны ауыстыру қажет. Осы жұмыстар маусым айына жоспарланып тұр.

Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінің ҚТҚ полигонын салу жобасын әзірлеуге және Ақтоғай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың жинақталу нормаларын және қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, көмуге, тарифтер бекітуге ЖКХ арқылы қаражат бөлініп, жұмыстар жүргізілетін болады.

Адам мен табиғат арасындағы байланыс тіршіліктің тамырына қан жүгіртеді. Әсіресе, ауыл

азаматтарының туған жеріне деген сүйіспеншілігі іспен көрініс тауып жатуы құптарлық жайт. «Бірге - таза Қазақстан!» экологиялық акциясы аясында Сарышаған кентінде 13 сәуір айынан бастап 7 рет сенбіліктер өткізілді. Басталған акция аясында әр сенбі сайын челлендж ретінде Сарышаған кентіне қарасты барлық аймақтарды, көшелерді, көрнекі орындар, мекемелер ауласына тазалық жұмыстары жүргізілді. Акцияның басты мақсаты – тұрғындарды қоршаған ортаны ластамауға, тазалықты сақтауға шақыру. Акцияның ұраны: «Тазалық өзімізден басталады!» сенбіліктерге кенттегі 20 мекемеден 400 адам мен 2 арнайы техникалар жұмылдырылды.

Сонымен қатар «Таза бейсенбі» күндері мекемелерде өз аумағында өткізді, күл-қоқысты ауладан тыс, көше бойына төктірмеу бойынша үгіт насихат жұмыстары жүргізіліп және рейдтік тексеру барысында учаскелік полицейлер тұрғындарға ескерту берді. Сарышаған кентінің саябағында және мекемелер аумағында 100 тал отырғызылды.

Жалпы округ бойынша әр түрлі салада шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер жұмыс істеуде. Осы бағытта еңбек етіп, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отырған тұрғындар баршылық. Олар мемлекет қамқорлығын сезініп, тұрмысын түзеуде. Тірлігінің тұтқасын төрт түліктен тапқан



тұрғындар үшін ауыл шаруашылығы да аса маңыздылыққа ие. Иә, бәсекелестік басым уақытта санға емес, сапаға жұмыс жасауды басты мақсат етіп отырған жайлары бар. Білім беру, емдеу мекемелерінің материалдық базасын нығайту қолға алынған. Бұл үрдіс ұзақ жылдар бойы өз жалғасын тауып келеді.

Ел дәулеті мен сәулетіне өз үлестерін қосуды мұрат тұтқан кент тұрғындарының басты мақсаты – кентті уақыт талабына сай дамыту. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген қанатты қағидаға сүйеніп, ауыл ақсақалдарының ақыл-кеңесіне жүгініп, бірлігімізге сызат түсірмеу жолында ынтымағымыз жарасқан күйі кемел келешекті бетке ала береміз деген сенімдеміз. Алдағы уақытта кент баспанамен камту, тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигон, спорт және балалар алаңын салу сынды және де басқа атқарылатын ауқымды істер күтіп тұр.

Иә, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан реформалар бүгінгі күннің талабы. Экономикалық реформаларды кешенді жүзеге асыруда бұдан былай да кент тұрғындары сүбелі үлестерін қосып, өз деңгейінде жұмыстарын жандандыра беретін болады.

А.Тоимбеков,
Сарышаған кентінің әкімі.

* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Инаугурациядағы сөзінде Президент, ең алдымен, қол қоятын Жарлықтарының бірі ауыл жайын көтеру мәселесі болатынын ерекше атап өтті. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген сөз бар емес пе? Демек, біздің алтын қорымыз – мал, егін шаруашылығындағы түйткілді мәселелерге мемлекет барынша қолдау танытатын болады. Халықтың табысын арттыру және әл-ауқатын жақсартудың негізгі көзі ауыл шаруашылығын дамыту екені аян. Иә, табиғаты тұнық, құшағы кең, мейірім мен шуаққа толы әр ауыл – қазақтың берекесі десек. Халқымыздың қайталанбас болмыс, бояуын сақтап тұрған ауылдық округтің бірі – Ортадересін

«Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алмасқақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

рұқсатымен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге жұмсалды.

Округте шағын және орта кәсіпкерлік те мол өркен жайып отыр. Ауылдық округ бойынша 3 кәсіпкердің дүкені бар. Бағаны тұрақтандыру бағытында, кәсіпкерлерді ауылдық округті абаттандыруға, сәулеттендіру жұмыстарына тарту, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетуге тарту жұмыстары ұйымдастырылып

серологиялық зерттеу жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады.

Бүгінгі күні ауылдық округ бойынша электр энергиясы, ауыз су тұрақты түрде беріліп отыр. 2017 жылы ауылға ауызсу тартылған, тұрақты жұмыс жасап тұр, тек құжаттары әлі рәсімделмеген. Ауылымызға электр энергиясын қазіргі күнде жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Казэнергоцентр» арқылы тұрақты түрде беріп отыр. Ауыл

бойынша 2022 жылы 276 тонна көмірмен қамтылып, толық жүйелі жұмыс жасап тұр.

«Адамның саулығы – қоғамның, ұлттың саулығы» дегендей мұнда тұрғындардың дер кезінде ем қабылдауы үшін ауылдық округте бір медициналық пункт ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп отыр. Балқаш қаласынан жыл сайын ақысыз жылжымалы флюорография кешені, ауыл тұрғындарын медициналық профилактикалық тексерістен өткізіліп отырады. Жедел қызмет көрсету көлігімен қамтамасыз етілмеген. Зандылығына қарай жекелеген ауру түрлеріне мемлекет тарапынан қамқорлық жасалуына орай ауыл

Ауылдың ахуалы қауымның ахуалы



ауылдық округі. Ақтоғай ауданына қарасты аталған округте жалпы халық саны – 440 адам, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 170, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны – 180, зейнеткерлер саны – 70, 75 жастан асқан қарттар – 12. Батыр аналар – 7, алтын алқа иегері – 25, күміс алқа иегері – 13. Ауылдық округтің жалпы жер көлемі – 148 889 га.

Бюджеттің орындалысы туралы айтсақ ауылдық округ әкім аппаратының 2024 жылдың бюджеті 34 млн. 112 мың теңге. Бюджетті игеру

отырылады.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша: Жері шұрайлы, топырағы құнарлы өңір тұрғындары жұдырықтай жұмыла еңбек етіп, кәсібі мен нәсібін Жер-Анадан тауып отыр. Мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылық көмекке сүйенген көптеген азаматтар білек сыбана жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы өнімдерін көптеп өсіруге ден қоюда. Ауылдық округ аумағында 71 шаруа қожалығы және 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік тіркеліп, жұмыс жасайды. Төрт түліктің қайсысын алсаң да мұнда өсу

бойынша тоқ көздерін беріп тұрған КТП-лар әбден тозығы жеткен, ескі, ұзақ уақыттан бері ауыстырылмаған. Мекемелерде жылу берілуде. Тазалық айлықтары мен сенбіліктер тұрақты түрде өткізіліп отырды. Ауылымызда 2021 жылдың басында «Билайн», «Актив», «Теле-2», «Алтел» ұялы телефон байланыстары қойылған, «Балқаш электронды қала» арқылы оптикалық-талшықты интернет әр үйге



вайфай желісі тартылған. Байсейтов пен Ержанов көшелері асфальтталып, көше жарықтары ауылдың барлық көшелеріне қосылды. Биылғы жылы округке қарасты «Алтын Алмас» компаниясымен әкімшілік арқылы келіссөздер жүргізіліп, Ақжайдақ елді мекені тұрғындарына тегін 130 тонна көмір түсірілді.

Есепті мерзімде жұмыссыз ретінде 2022 жылы 9 адам тіркелген, барлығы да жұмысқа орналастырылды. Биылғы 2023 жылға қоғамдық жұмысқа 4 орынға сұраныс берілді.

«Ортадересін Жалпы Білім Беретін Мектеп» Коммуналдық Мемлекеттік Мекемеде 11 комплект сынып бар. Мектепте барлығы 27 мұғалім еңбек етеді, қазір 1-11 сынып аралығында 57 оқушы білім алуда. 42 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. 2022 жылы «Алатау строй сервис» фирмасы арқылы мектептің сыртқы қоршауы толығымен жаңартылды. Мектеп кадрмен толық қамтылған, 21 сыныпта «Балқаш электронды қала» арқылы оптикалық-талшықты интернет бар, 29 компьютерге қосылған, сапалы қызмет жасап тұр. Шаруашылық жұмыстары

тұрғындары, зейнеткерлер, мүгедектер дәрі-дәрмектерін уақытылы алып отыр. Биылғы жылы Ортадересін ауылы мен Ақжайдақ ауылына жаңадан медициналық пункт салыну жоспарда тұр, құжаттары әзірленген.

Мәдениет пен спорт саласы да замана көшінен қалар емес. Ауылдық округ бойынша мәдени шаралар уақытымен, сапалы түрде өтіп тұрады. Барлық өткізілген шаралар әлеуметтік желіге

салынады. Спорт саласы бойынша ауылда тұрғындарға арнайы салынған спорттық алаң жоқ, ауыл жастары мектептің спортзалында спорттық шаралар өткізіп отырады.

Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Тоқ көзі, ауыз су үнемі тоқтаусыз беріліп тұрады. Президенттің Жолдауы халық арасында түсіндірілуде. Баннерлер уақытында жаңартылып тұрады. Ауылдық мешіт талапқа сай қызмет көрсетуде.

Алда атқарылатын жұмыстарға тоқталсам. «Алтын алмас» мекемесі арқылы 50 млн. соммада қаржы сұрастырылып, өзара келісім жасалынып, Ортадересін ауылдық округі бойынша, Ортадересін ауылына 22,5 млн. тұратын спорттық алаңы, 15,5 млн. тұратын демалыс паркі, ауылдағы заңсыз тұрмыстық-қатты қалдықтарды шығару үшін 5,5 млн., әкімшілік ғимаратының қоршауына 13,900, Ақжайдақ ауылындағы 1,5 шақырымды қамтитын Достық көшесіне 12 млн. көше жарықтарын орнатуға бөлінетін болды.

С.Қрқруов,

Ортадересін ауылдық округі әкімі.



ай сайын жоспарға сәйкес толығымен орындалып отырады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына 2024 жылы 4 млн. 715 мың теңге түскен, салық бойынша 2024 жылы 4715 мың ауылдық округ бюджетіне түсті түскен қаражат жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен келісіліп, аудан әкімінің

жағы байқалады. Округте бұл күнде 4326 – бас ірі қара, 4151 – бас ұсақ мүйізді мал, 1284 – бас жылқы, 207 – бас түйе мен 460 – құс бар.

Төрт түлік малдың аурудан аман болуы – басты мәселе. Ауылда ветеринарлық пункт жұмыс істейді. Ортадересін ауылдық округі бойынша барлық мал түрлерінен қан алынып,



Ауыл – ел бесігі. Ақтоғай ауданына қарасты Тасарал ауылдық округі бүгінде біршама дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында еңбек адамын бағалау қажет екенін баса мән беріп айтып өткен еді. Сонымен қатар ауылшаруашылығын дамыту басты мәселе екеніне тоқталды. Иә, қазақтың кіндігі ауылда. Ауыл – ұлттық құндылықтар сақталған алтын бесік қана емес, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі де түсінген жанға. Сондықтан бұл мәселе билік назарында болып, дер кезінде ұтымды шешімдер қабылдануы керек. Ауылдық округі бойынша 2024 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстар және алда тұрған міндеттер туралы сөз қозғасақ. Ауылдық округтегі негізгі кәсіп көзі мал және егін шаруашылығы. Президент өз сөзінде «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Ауыл шаруашылық есепке алу жур-



налындағы мәліметтер бойынша, 2024 жылдың 5 айлық көрсеткішіне сәйкес, ауылымызда мал ұстайтын үйлердің саны – 47. Тасарал ауылдық округі бойынша және барлық мал басы – 3723 басты құрайды. Оның ішінде жылқы – 1121 бас болса, ірі қара малы – 914 бас, ұсақ мал – 1305 бас, түйе малы – 383 басқа жеткен.

Тасарал ауылдық округі бойынша 17 шаруа қожалық, 3 ЖШС, 1 СПК тіркелген. Ай сайын мал ұстайтын ауыл тұрғындары арасында, әкім аппаратының қызметкерлері, учаскелік полиция инспекторлары мен ветеринариялық дәрігердің қатысуымен түсіндірме жұмыстар жүргі-

Түтіні түзу тұрмыстың мекені



зіледі, жиналыстар өтіп тұрады. Күн тәртібінде көшеде қараусыз емін-еркін бос жүрген ауыл шаруашылығы жануарларын бағу, ақылы бағымға қосу туралы және иелеріне осы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және әкімшілік шара қолданатыны туралы ескертіледі. 2024 жылдың 5 айында жер телімдеріне қатысты 1 өтініш тіркеліп жауабы уақытында берілді. Кәсіпкерлік саласын тілге тиек етсек бүгінгі таңда 10 жеке кәсіпкер және 17 шаруа қожалықтары тіркелген. Оның ішінде 1 наубайхана, 3 дүкен жұмыс жасап тұр. Жеке кәсіпкер «Сағындыков Н» «Күміс жас» бағдарламасымен 1 жұмыскерді жұмыс орнымен қамтып отыр. Және

бейсенбілігіне шығу жөнінде шақыртқылар ілінуде, ватсап мессенджері бойынша да үнемі хабарлама беріліп отырады. Бүгінгі күнге 34 сенбілік, 48 тазалық бейсенбілігі өткізілді, қыстан жиналып қалған 2 жердегі ұйымдастырылған құл-қоқыс орны тазартылып, шамамен 150 тонна құл-қоқыс шығарылды.

Тасарал ауылдық округі бойынша 2024-2025 жылдарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша жоспарлар мен міндеттерге тоқталсам. Ағыбай батыр көшесіне көше жарықтарын орнатуға 5729,0 мың теңге бюджеттік өтінім жасалды. Су толтыратын резервуар жөндеу жұмыстарына, су құбырын ауыстыру, насос станциясының қоршауына жөндеу жұмыстарына, көмір түсіретін қоймаға ағымдағы жөндеу жүргізуге аудандық ТҮКШ бөліміне сұраныс жолданды. Әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары, футбол ойнайтын алаңға жөндеу жұмыстарын жасау, спорт алаңын салу, «Ағыбай батыр», «Жастар», «Орталық» көшесін жөндеу асфальттауға бюджеттік өтінім келер бюджет қарауына жолданады.

Жұмыспен қамту

«Тасарал ауылдық округі әкім аппараты» ММ-не 6 адам жұмыссыздар есебінде тіркелген, олардың 3-і қоғамдық жұмысқа тартылып, еңбек шарттары жасалған. «Айбар» және «Онбай» шаруа қожалықтары «Күміс жас» бағдарламасымен 2 адамды жұмыс орнымен қамтып отыр. Қалған 1 адам мектепке жұмысқа тұрды. Жұмыссыздыққа тіркелген әр адамға онлайн курстарын оқуға болатыны түсіндіріліп, өздері тандаған кәсіп

бойынша оқып, сертификаттар алуға мүмкіндіктер қарастырылған.

Білім саласы

Тасарал жалпы білім беретін орта мектебінде 2023-2024 жылында 22 мұғалім қызмет атқарды, 2 педагог-зерттеуші, 6 педагог-са-рапшы, 8 педагог модератор, I са-натты екі мұғалім, II санатты бір мұғалім. Мектеп бойынша жалпы оқушы саны – 79. Мектепалды даярлық сыныбы – 8 бала. Білім сатысы: 2 - жоғары (10-11 сынып) – 9 оқушы – 88,89%, 5 негізгі (5-9 сыныптар) – 34 оқушы – 61,76%, 4 бастауыш (1-4 сыныптар) – 28 оқушы – 66,67%. Жалпы білім сапасы 67,19% ды көрсетті. I ауысымда – 6 сынып комплекті, 44 оқушы, II ауысымда – 5 сынып комплектісі 33 оқушы. Көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар жыл басынан ыстық тамақпен



қамтамасыз етілген.

«Денсаулық – зор байлық», – дейді халық даналығы. Фельдшермен ауылдың барлық тұрғындары флюорография және әйел кісілер маммографиядан толықтай өтті. Тасарал ауылының фельдшерлік пункті талапқа сай емес, сол мәселемен «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК директоры хат жолданған. Жаңа ФАП салыну жоспарда.

Мәдениет саласы бойынша айтсақ 2024 жылы ауыл тұрғындарына мемлекеттік мереке мен кәсіби күндері аталып тұрады. 1,2 қаңтар күндері «Жаңа 2024 Жыл» атты кеш өтті. 31 желтоқсанда шырша жағумен басталған мерекелік концерт соны от шашумен аяқталды. Қаңтар айында Тасарал ауылында ең алғаш рет қазақ күресінен турнир өтті. Турнирге 10 команда қатысты. Командалық жарыста Тасарал ауылының палуандары I орынға ие болды. Қаңтар айында ауыл азаматтарының демешілігімен ауылға екі киіз үй алынды. Ауылға кіре берістегі арқаға жөндеу және безендіру жұмыстары жүргізілді. Ауылдағы

(Жалғасы 6-бетте).

(Соңы. Басы 5-бетте).

Таныбай батыр көшесіне 15 электр бағанасы қойылып, көшеге жарық берілді. Наурыз айында 1-Наурыз алғыс айту күніне орай клуб үйі мен кітапхана қызметкерлерімен ұйымдастырылған мерекелік іс-шара өткізілді. Әкімшілік қызметкерлерімен «Қоржын» акциясы аясында 3 – отбасыға азық-түлік, жеміс-жидек салынған себеттер тапсырылды. 8 наурыз күні 12 алтын және күміс алқалы аналарға мерекелік дастархан жайылып, сый-сияпат берілді. Аудан әкімінің қабылдауында 4 азаматша қатысып, арнайы сыйлықтар алды. «Асыл ана» мерекелік концерт ұйымдастырылып, барлық аналар қауымына гүл шоқтары тапсырылды. 14-23 наурыз аралығында «Наурызнама» атты онкүндік өткізілді. Әр күндік іс-шара үлкен дәрежеде аталып өтті. 21 наурыз күні ауыл азаматтарымен бірлесіп Наурыз мейрамы аясында ат жарысы ұйымдастырылды. Ат жарыс 3 топтан, яғни жабағы, тай және ат жарыс болып бөлінді. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. 22 наурыз күні орталық алаңда «Наурыз мейрамы» аталып өтті. Алаңға екі киіз үй тігіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылды. «Қош келдің Әз-Наурыз» мейрамы ауылға кіре беріс жолдан Наурыз шеруі атты көшпен басталды. Шеруді ақсақалды аталар мен ақ жаулықты әжелер бастап жүрді. Ауыл тұрғындары жаппай қатысып, түйе, жылқымен көш бастап домбырамен ән шырқалды. Орталық алаңда барлық тұрғындарға, қонақтарға ыстық бауырсақ пен наурыз көже таратылды.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік концерт өтті. 5 мамыр Ұлы Жеңістің 79 жылына орай, ауылдан соғысқа аттанған ардагерлерді еске алу аясында, дәстүрлі өтетін шағын футболдан турнир ұйымдастырылды. Турнирге 8 команда қатысты. І-ші орынды Мойынты командасы алып, ауыспалы кубокке ие болды. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай, белсенділік танытып, ауылдың көркеюіне атсалысып жүрген азаматтар марапатталып, сый-сияпат көрсетілді. 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 79 жылына орай, соғыс ардагерлеріне қойылған ескерткіштердің алдына гүл шоқтары қойылды. Ақсақалдармен еске алу сөздер айтылды. Сонымен бірге, кітапханада оқырмандар үшін тақырыптық кітап көрмелері мен мерекелік шаралар үнемі жүргізіліп тұрады.

Клуб үйінде күрес секциясы ашылған, бүгінгі күні 34 жас палуан күреспен шұғылданады. Үздік нәтиже сәуір айында республикалық турнирде 8 сынып оқушысы Аман Нұрәлі спорт шеберлігіне үміткер атанды. Шағын футбол алаңы бар. Алаңда күн сайын жастармен футбол ойыны ойналады.

Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көгалдандыру, күл-қоқыстан тазарту бойынша көктемгі екі айлық шара бойынша, Тасарал ауылдық округі ЖПҚ УПИ полиция капитаны Б.Бокишев жеке аулаларға кіріп түсіндірме жұмыстар жүргізуде.

Тасарал ауылдық округі бойынша алда тұрған мәселелерде жоқ емес. Ауылдағы тұщы су қондырғысы мен орталық су жүйесін Сарышаған кентіндегі «АқтоғайЭнерго» ЖШС-не беру мәселесі көтерілген.

Ауылға келетін жас мамандарды қызметтік пәтерлермен қамтамасыз ету. Ауылда туризм саласын дамыту. 2022 жылы «Тасарал ауылдық округі әкім аппараты» ММ-не «Балқаш-9» торабы балансқа берілген, соны баланстан шығару. Тасарал жалпы білім беретін мектептің авариялық жағдайда болуына байланысты, жаңадан бөлінген жер телімге заманға сай мектеп салу.

Балалар ойнайтын және спортпен шұғылданатын «Вордкрафт» алаңын салуға, 25 730,13 мың теңгеге сметалық жоба бар, бір неше рет бюджеттік өтінім берілген.

Сөзімізді қорытындыласақ Тасарал ауылдық округі – кемел келешекке селкеусіз сеніммен қараған жұрттың қонысы. Бірлігі бекем, түтіні түзу тұрмыстың мекенінің жұрты арайлы ертенге нық қадам басып келеді деп айтуға болады.

Е.Балтышев,

Тасарал ауылдық округінің әкімі.

* Мәдени мұра

Музей түні – 2024

Ақтоғай ауданы тарихы өте бай, шежіреге толы өлкенің бірі. Осындай мол мұрамызды сақтап халық арасында насихаттап, бүгінде мәдениеті өркендеген киелі өлкеде халыққа рухани азық беріп отырған мәдени ошақтардың бірі – Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі. Музей

уақытқа бағынбайтын, алмасып жатқан ұрпақтар жалғастығын үзілдірмейтін алтын арқау. Өткен мен бүгінді, бүгін мен болашақты жалғастыра мәнгілік көпір.

18 мамыр – Халықаралық музейлер күні мерекесінде музей қызметкерлері кәсіби мерекесін тойлайды. Бұл күні дүниежүзіндегі музейлерде ерекше шаралар, өтіп, музей түні де ұйымдастырылады. Осы мереке қарсаңында Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінде «МУЗЕЙ ТҮНІ 2024» мерекелік іс-шарасы аталып өтілді. Ұлттық салт-дәстүр құндылығын дәріптеу мақсатында қазақ халқының

оралғандай күйге енді.

Бағдарлама бойынша «МЕН АРХЕОЛОГ БОЛАМЫН!» шеберлік сабағы аясында оқушылар археологиялық қазба жұмыстарына белсене қатысып, өздерін бір сәтке археолог ретінде сезініп көріп қызыға ат салысты.



«МУЗЕЙ ТҮНІ» мерекелік іс-шарасында «МУЗЕЙГЕ ЖӘДІГЕР СЫЙЛА» акциясы да ұйымдастырылды. Бұл акцияға аудан тұрғындары музей қорына тарихи заттарын тапсыруға мүмкіндік алды. Аудан тұрғыны Мұканова Амантай апамыз көнненің көзіне айналған өзінің анасының қолынан шыққан текемет, оюлы сырмақ, кебеже, қолдан тоқылған алаша және түскиізін музей қорына тапсырды. Сонымен қатар аудан тұрғыны Байжасарова Сая

сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын өте көне түрінің бірі – құрттың жасалу тәсілі мен оның адам ағзасына пайдасы туралы тың деректер айтылып, оқушылар өз қолдарымен қызыға құрт жайды. Сонымен қатар жүн сабау, жүн түту мен жіп иіру шеберлік сабақтары оқушыларды қызықтыра түсті. Этнография залында ұйымдастырылған көнненің көзі тас диірменмен ұн тартылып талқан істеу және қасиетті келімен бидай түптеу әдістері іс-шараға қатысушылардың назарына ұсынылып, толық мағлұматтар берілді. Сондай-ақ, ұлттық ойын «Бес тас» ойнатылып, артынша Өнер мектебінің жас өнерпаздар күмбірлете күй тартып мерекелік іс-шараны жандандыра түсті.

Ауданымыздағы К.Байсейітова мектебінің оқушылары мен Ермекова Пальмира Арылханқызының жетекшілігімен қазақ тарихындағы қаралы жылдар, қуғын-сүргін, ашаршылық туралы сахналық көрініс қойылып, шараға қатысушылар сол бір қасіретті күндерге



анамыздан көне радио мен фотоаппарат құралын музей қорына өткізіп, акцияға белсене ат салысып музей қорын толықтыра түсті.

Тағылымды шара соңында мерекеге келген көрермендер фото-зонаға естелік суретке түсіп, шараға белсене ат салысқан қонақтарды арнайы Алғыс хаттармен марапаттап, жақсы әсермен тарқасты. Осылайша аудандық музейде өткен «МУЗЕЙ ТҮНІ – 2024» мерекелік іс-шарасы жоғары деңгейде өтті. Іс-шараға қатысқан мұғалімдер мен мектеп оқушыларына, музейге жәдігер сыйлаған аудан тұрғындарына алғысымызды айтамыз.

Ә.Сейсенбаева,

Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің ғылыми қызметкері.

Тағылымды конференция



Қазақ халқына қасірет әкелген сол бір аумалы-төкпелі жылдарда мыңдаған адам жазықсыз түрмеге тоғытылды, аяусыз атылды, туған жерінен айдалып кете барды. Ұлтын сүйген азаматтар тоталитарлық жүйенің құрбанына айналды. Елі үшін жанын берген әрбір тұлғаның есімі тарих беттерінде алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз. Тарихи деректерге сүйенсек, 1927-1953 жылдар аралығында қазақ жерінде 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, оның 25 мыңы ату жазасына кесілді. Олардың ішінде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатұлы, Бейімбет Майлин сынды Алаш арыстары бар. 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні күніне орай ауданымызда «Әлихан туған өлке» облыстық танымыдық тәжірибе алмасу конференциясы болып өтті. Оған ауданның археологиялық-этнографиялық мұражайы, Теміртау қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы гимназиясы және Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп ұжымы ұстаздары арнайы қатысты. Алаш рухына тағзым жасап келген қонақтарға Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның ата-анасы, туған-туыстары жерленген «Талды бейіт» қорымы, аудандық музейдегі Алаш тарихы жайлы құнды деректер таныстырылып, экскурсия жүргізілді.

Өз тілшімізден.

Еске алу



Қамшының сабындай ғана қысқа өмір тәтті болғанымен, тез өтетіні өкінішті. Шіркін, бәрі орнымен, ретімен болса өкініштің өзені тасып, қайғының қара жауыны жаумас еді. Бұл да жаратқанның заңы болар...

Кеше ғана арамызда тай құлындай жарқырап,

ойнап күліп жүрген әулетіміздің жарқын жұлдызы, бірімізге бала, аға, іні бола білген ардақты жан – **Ернат Манарбекұлының** тал бесіктең, жер бесікке аттанғанына 10 жыл уақыт болыпты. Өмір-ай десеңші неткен жылдам еді. Жадыраған жаз өтіп, сарыала күзде келді, артынан қатал қыста өтті. Бірақ Ернатымыз мәңгі оралмады. Қимадық, қабырғамыз да қайысты, әйтсе де Алланың ісіне қарсы тұра алмадық. Дегенмен шүкіршілік еткеннен басқа амалымыз жоқ. "Асқар тау алыстаған сайын биіктей бермек" дегендей сенің асыл да, жарқын бейнең, аңқылдаған акпейіл жүзің көз алдымызда, көңіліміздің төрінде мәңгі сақталып қалды. Ернаттай. Алладан алақан жайып, дұға бағыштап сұрайтынымыз қараңғы жерің жарық, жатқан жерің жайлы, жәннатта нұрын шалқысыншы.

10 жыл өтті мінекей жылдар зулап,
Сені іздейміз тағатсыз күнде тулап,
Жүрегімізде қаласың жас қалпыңда,
Жадымыздан кетпенсің көзді булап.
Жиылады жақындарың, туғанның,
Жылдық асқа бұл күнде жан бауырым.
Еске аламыз сағындырған жүзінді,
Өзінменен бірге өткен әр күнді.

Еске алушылар: атаң – Бөрігүл аға-жеңге,
апа-жезде, іні-бауырларың.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, сүйікті ұл, аяулы жар, асқар тау аға **Әбілмаш Бексұлтан Саятұлының** өмірден өткеніне 1 жылдың жүзі болды. Дүние жалған деген осы болар. Күні кеше ғана арамызда күліп-ойнап жүрген балапанымыздан айырылып қаларымызды кім біліпті. Өмір қызығы

енді басталар сәтте сұм ажал құрығына іліндіріп, ортамыздан алып кеткеніне әлі де сене алар емеспіз. «Уақыт емші» десек те, бұл күнде біздің көңілімізде, жүрегіміздің түкпірінде асыл қасиеттерімен сақталған ардақты жан-ды сағынышпен еске аламыз. Мына жалғанда Бексұлтанымыздың орны қаншалықты қымбат екенін терең ұғындық. Амал не? Тіршілікте көрер қызығы, жетпеген армандары көп еді. Мандайына қамшының сабындай қысқа ғұмыр жазылған екен. Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медет тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, қабіріне Алланың нұры жаусын дейміз.

Сағындырып, сарғайтып мына бізді,

Мәңгілік мекен еттің құба белді.

Адал жаның жәннатта жай тапсын деп,

Еске алып, бағыштаймыз дұғамызды.

2024 жылдың маусым айының 20 күні сағат 13.00-де «Ай-Фар» дәмханасында жылдық асы беріліп, Құран бағышталады. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілер, Бексұлтанның көзін көрген барша жамағат, әріптестерін шақырамыз.

Сағына еске алушылар: әке-шешесі –
Саят-Бақытгүл, бауырлары – Нұрсұлтан,
Ақгүл, жары-Алмагүл.

Еске алу

Ақтоғай ауданындағы қос қара шаңырақ – Ә. Бөкейхан және К.Байсейітова атындағы мектептің 2004 жылғы түлектері мектеп бітіргенімізге 20 жыл толуына орай білім нәрімен сусындатқан, мезгілсіз дүниеден өткен аяулы ұстаздарымызды және сыныптастарымызды сағынышпен еске аламыз. Осы 20 жыл ішінде 3 сынып жетекшіміз бен 3 сыныптасымыз өмірден өтті.

Қалдырған ізін мәңгілік...

Дүниеден өткен ұлағатты ұстаздардың есімін ардақтап, еске алу – біздің парыз. Ұстаз болудың теңізіне бойлап, ағарту саласында талай еңбектенген ұлағатты жандар арамыздан ерте кеткені жанымызға ауыр тиді. Ұлағатты ұстаздарды есіне алғанда ет-жүрегің елжіреп, әлдеқайдан жаныңа бір шуақ құйылып, көл-көсір мейірімге бөленетін кез болады. Сірә, бұл шәкірттердің ұстазына деген құрметі, ризашылығы шығар. Жанарынан жылулық самалы есіп, есімімізді атап шақыратындай болады да тұрады.




Төлүбаева Лиза мұғалім, **Жарқынбаева Гүлсім** мұғалім, **Сатанова Жарқын** мұғалім... Есте қалар ең ізгі жандар... Өмірден өтсе де ұрпақ болашағына, тәрбие мен білім кеңістігіне қосқан елеулі үлестері ел есінен ешқашан кетпейді.

Өткен өмір сағындырар талайды,
Оралмайды, күннің бәрі арайлы.
Ең алғашқы ұстаз болған біздерге,
Еске аламыз Төлүбаева Лизаны,
Жанымызда асыл ұстаз бар еді,
Бар мақтауға лайық өзі нар еді.
Тарих пәні мұғалімі әрі сынып жетекші,
Жарқынбаева Гүлсім жайсаң жан еді.
Естелікті ақтарайық өткеннен,
Бала дәурен қол бұлғайды көк белден.

Орыс тілі маманы болған мықты ұстаз,
Сатанова Жарқын жетекшілік етті біздерге.
Оралмайды бақытты сәт, шуақ күн,
Оты сөнбес білім дейтін шырақтың.
Ұстаздарымыз үнемі біздің жүректе,
Мекендеріңіз төрі болсын жұмақтың.

Өркімге де бір өлшеулі ғұмыр...

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген кластастарымыздан қапыда айырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын кластастар жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?.. Олардың ғұмырдариясы мәңгілік ағысқа ауысты... Енді сол кластастарымыздың риясыз күлкісі жанарымызда қалғанымен үзілген фотосуреттерден ғана көретініміз



өкінішті... **Сүлейменова Эльвира**, **Смағұлов Камал**, **Кемелбаев Арман**... Жаратқан ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

Жас дәуреннің ұмытылмас көктемі,
Жүйрік уақыт ойландырар көп бізді.
Осы сәтке куә болмай кей достың,
Өкінішті бұл өмірден өткені.
Үш сыныптас ерте кетті өмірден,
Бірақ біздің шықпас бала көңілден.
Эльвира, Камал, Арманның,
Мекені болсын жәннат төрінен.

Сағынышпен еске алушылар: 1986-1987 жылы туылған қос қара шаңырақтың 2004 жылғы түлектері.

Құттықтаймыз!



Құрметті көршіміз **Шатекова Ырлық!**

Сізді келіп жеткен 70 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз деп тілейміз. Әніңізді салып, «Ардагерлер» ансамблинде жүре беріңіз.

Құтты болсын 70 жасыңыз, Сексеннің де сеңгірінен асыңыз. Қуат алып денсаулықтың нәрінен, Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз.

Ақ ниетпен: көршілеріңіз – Көрімхан, Төлжан, Шәмшия, Дарига, Шәріп, Өмен, Бағдат, Мұрат, Ербол, Орал, Доклад, Бақымай, Әлібектің отбастары.



Ақтоғай ауылының тұрғыны **Серік Төлүбековты** асқарлы 60 жасымен құттықтаймыз. Деніңе саулық, жасауға амандық, ұзақ та қызықты ғұмыр, қажымас қайрат тілей отырып, жан жолдасың Бибігүл екеуің немереден шөбере сүйіп, еңбектің зейнетін көретін жасқа жетуіне тілектеспіз. Жыл сайын жасыңа жас қосылып,

Алланың берген құлынашақтарыңның қызығын қызықтап, көре беруге нәсіп етсін.

60 жасың құтты болсын, Денсаулығың мықты болсын.

Арайлап атқан әр таңың,

Бақытпенен нұрға толсын.

Көлдей көңілді бол таусылмайтын,

Өзендей өмірің болсын сарқылмайтын.

Айта берсең тілек көп таусылмайтын,

Отбасыңның сүйеуі бол қартаймайтын.

Ізгі тілек тілеген: атаң- Бөрігүл, Сайлау-Қорлан, Манарбек-Раушан, Серік-Зайдагүл, Ерлан-Анар, Жазыбек-Эльмира, Данияр-Жанар.

Құрметті әріптесіміз

Аумаганова Нұрғай!

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерейжасыңызбен құттықтаймыз. Келіп жеткен жасыңыз тек қуаныш, бақыт, денсаулық пен сәттілік әкелсін. Әрдайым басқан қадамыңыз қарымды да құтты болсын. Бейнетіңіздің зейнетін көріп, бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында бәйтеректей та-мырыңыз тереңдей берсін.

Өмір көші жеткізіпті асқар шыңға,

Көре берші туған күнді әрбір жылда.

Жүзі жарқын әріптес, құтты болсын,

Арналады өзіңізге өлең-жыр да.

Тілек білдірушілер: Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жөлаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ұжымы.



Құттықтаймыз!



Құрметті, **Мақажанов Аманжол Сөкенович!**

Сізді 60 жасқа келген туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы қуанышты күні сізге деңізіңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз.

60 жас құтты болсын, мерекеніз, Мұхиттай шалқи берсін берекеңіз. Аман боп отбасыңыз, бақыт орнап, Кеңейсін қанат жайып керегеңіз.

Тілек білдіруші: "Ақши негізгі орта мектебі" КММ ұжымы.



Құрметті **Аумаганова Нұрғай!**

Сізді зейнеткерлік жасқа келген мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы бір ерекше жастың думаны мен қызығы сізді бақыт пен шаттыққа бөлеп, әрбір күн жанға шуақ сыйлар қуаныш әкелсін. Денсаулығыңыз мықты, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Немерелеріңіздің қызығына кенеліп, ортасында ақ жасулықты әже болып жүре беріңіз. Көңіліңіз мәңгі көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыстың ортасында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған асуларыңызды ала беріңіз.

Жылдар жүзі жіректі қажытпасын,

Думанды ән көгіңнен қалықтасын.

Шуақты пернелері көңілдегі,

Туған күнде серпіліп қалықтасын.

Ақ тілекпен: Боранбай-Айнұр, Бота-Перизат, Сергазы-Гүлден, Құтжан-Жамал, Азамат-Ақнұр, Гүлбахрам, Амангүл, Меруерт.

Құрметті **Нұрғай Аумаганова!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Сізге бүгінгі мерейтойыңызда зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, кіршіксіз көңіл тілейміз. Қызыққа толы ғұмыр кешіңіз. Әрқес ортамызда аман жүріп, қызық-қуанышымызды бірге тойлайық.

Құтты болсын зейнеткерлікке келген жасыңыз,

Қуаныштың кемерінен тасыңыз.

Әрқашанда мықты болып денсаулық,

Қажымастан жүзге қадам басыңыз.

Ізгі ниетпен: Жанар Т., Бекайт., Зулфия, Мақсат Қ., Дәулет Е., Багираш Б., Қайрат Қ., Талғат С., Қайрат О., Думан А., Берікбол К.



Құттықтаймыз!



Құрметті **Рахимжанова Марал Хателқызы!**

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Өзіңіздің еңбек жолыңызды ауылдан бастап ауыл шаруашылығының дамуына өзіндік үлес қосқан тұлғасыз. Сізге мекеме ұжымының атынан зейнеткерлікке шыққан қадамыңыз сәтті, әрдайым денсаулығыңыз мықты болсын деген тілегімізді жолдаймыз.

Тілек білдіруші: Ақтоғай аудандық ветеринариялық зертхана ұжымы.



Құрметті құдағиымыз **Бакирова Света Мұратқызы!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл маңызды күні сізге мықты денсаулық, шексіз бақыт және отбасылық қуаныш тілейміз. Алдағы жылдарыңыз қуанышқа, жаңа бастамаларға және керемет сәттерге толы болсын. Сіздің әрбір күніңіз үлкен мүмкіндіктерге толы, ал әрбір жетістігіңіз өміріңізді одан да байытуға жәрдемдессін. Сізге зор денсаулық, отбасылық шаттық және әрқашан ала қарай қадам басуға шабыт беретін табыстар тілейміз.

Құтты болсын елу жас,

Бүгін міне кеп жеткен.

Бүгінгі күн ұлы күн,

Шаттығымен тербеткен.

Ғасыр тойын тойлайық,

Бар жақсылық жалғасын.

Саулығыңыз мықты боп,

Таңды жалғап, таңды асып.

Отбасыңыз аман боп,

Ортасында күліңіз.

Жаратқаным жар болып,

Аман-есен жүріңіз.

Ізгі тілекпен: құда – құдағиың – Сағыдат-Айдынгүл, құдаша – Гүлден, балаларың – Нұржан-Айнұр және жиеңдерің.

К.Байсейітова мектебінің түлегі **Ақбота Нұрланқызын** алтын ұя мектебімен қоштасар сәтімен тұспатұс келген туған күнімен құттықтаймыз. Болашаққа қанат қағар сәтте алдыңдағы тұрған сынақтан сүрінбей өтіп, арманыңа, көздеген мақсатыңа жетуіңе тілектеспіз. Бастысы денсаулығың мықты болсын. Алдыңдағы жүрер жолдарың әрқаз ашық болып, жұлдызың жарқырай берсін. Келешегің кемел, болашағың жарқын, жүрер жолдарың нұрлы болсын.

Үміт күттік өзіңнен, үміт неге алдасын,

Жұдырықтай жер шарын қыз қиялың шарласын.

Жатса ғалам шақырып, алақаны нұр төгіп,

Патша-далаң басыңа ақ батасын арнасын.

Ақ тілекпен: Балғабаетар әулеті.



Құрметті жас түлегіміз **Айым Азаматқызы!**

Арманның асқарына құлаш ұрып, алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырсың. Тәй-тәй басқан алғашқы қадамыңнан бастап, тәтті тіл шат күлкі, жазу-сызуларың, мектепке барғаның есімізде. Ел қызығатындай көрікті де көркем мінезді, жан-жақты дамып ақылды болып өстің. Келешек үлкен өмір есігін айқара ашқан болашақта да мақсаты айқын,

арманы биік, өз мамандығыңның білгірі болатыңа сенеміз.

Орындалсын аңсап жүрген

армандарың,

Биік-биік белестерді бағындыр,

Кедергіні алдыңдағы алып ұр.

Ел сүйсінер мамандықтың иесі боп,

Әр уақыт халқыңнан бата алып жүр.

Ақ тілекпен: Нұрғай, Боранбай-Айнұр, Бота-Перизат, Сергазы-Гүлден, Құтжан-Жамал, Гүлбахрам, Амангүл, Меруерт.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен аскан материалдар қабылданбайды.

